ҚАРМАҚШЫ АУДАНЫ
ӘКІМДІГІ
«ҚАРМАҚШЫ АУДАНДЫҚ
ҚОҒАМДЫҚ ДАМУ БӨЛІМІ»
КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК
МЕКЕМЕСІ

АКИМАТ
КАРМАКШИНСКОГО РАЙОНА
КОММУНАЛЬНОЕ ГОСУДАРСТВЕННОЕ
УЧРЕЖДЕНИЕ «КАРМАКШИНСКИЙ
РАЙОННЫЙ ОТДЕЛ ОБЩЕСТВЕННОГО
РАЗВИТИЯ»

120500, Жосалы кенті, Ораз ахун к-сі, №44 үй
Тел: 8-72437-23109,Факс: 8-72437-22833

120500, пос.Жосалы,улица Ораз ахун, дом №44
Тел: 8-72437-23109,Факс: 8-72437-22833

«____»_____20___ жыл №_____

«Қармақшы Жастары» жастар қоғамдық бірлестігінің төрағасы Д.Жиенкужаевқа

Сіздің, «Мемлекеттік сатып алулар» порталындағы 08.02.2026 жылғы №276942 электронды шағымыңызға сәйкес, ұйымдастырушы «Қармақшы аудандық қоғамдық даму бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің «Қоғамдық-саяси іс-шараларды ұйымдастыру» әлеуметтік жобасы қызметін сатып алу бойынша, төмендегіні хабарлаймын.

05.02.2026 жылғы № 16809552 конкурс қорытындылары туралы хаттамасына сәйкес, № 83683883-ГСЗ1 лоты бойынша конкурстық комиссиямен әлеуетті өнім беруші әлеуетті өнім беруші «Қармақшы Жастары» ЖҚБ-нің конкурстық өтініміне төмендегідей бағалау критерии бойынша есептелінген:

- *Әлеуетті жеткізуші ұсынған жобаның тапсырыс берушінің техникалық сипаттамасының талаптарына келесі бөлімдерді қоса алғанда сәйкестігі* ***– 0 балл****;*
- *Әлеуетті өнім берушінің қызмет мақсатының (құрылтайшы құжаттарына сәйкес) Тапсырыс берушінің сатып алатын қызметтеріне және «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс, үкіметтік емес ұйымдарға арналған гранттар және сыйлықақылар туралы» Заңның 5-бабында көзделген бағыттарға сәйкестігі* ***– 2 балл****;*
- *Әлеуетті өнім берушінің "Үкіметтік емес ұйымдардың дерекқорында" болуы туралы мәліметтер* ***– 2 балл****;*
- *Әлеуетті өнім берушінің жұмыс тәжірибесінің болуы* ***– 5 балл****;*
- *Егер жоба жергілікті бюджет есебінен жүзеге асырылса - тиісті аймақтағы үкіметтік емес ұйымның тәжірибесі –* ***6 балл****;*
- *Әлеуметтік жобаны және (немесе) әлеуметтік бағдарламаны іске асыруға тартылатын мамандардың** еңбек өтілі мен біліктілігі (Мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс стандарттарына (ҚР Қоғамдық даму министрінің 2018 жылғы 15 тамыздағы № 19 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс стандартына сәйкес (Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2018 жылғы 29 тамызда № 17314 болып тіркелген) –* ***4 балл****;*

ЖАЛПЫ – 19 БАЛЛ БЕЛГІЛЕНГЕН.

Конкурстық комиссия тарапынан әлеуетті өнім беруші «Қармақшы Жастары» ЖҚБ-нің конкурстық өтініміне *«Әлеуетті жеткізуші ұсынған*

жобаның тапсырыс берушінің техникалық сипаттамасының талаптарына келесі бөлімдерді қоса алғанда сәйкестігі» критерийі бойынша **0 (нөл) балл берілуі негізді болып табылады,** себебі әлеуетті өнім берушінің өтінімінде мемлекеттік сатып алудың тапсырыс берушінің техникалық ерекшелігі бойынша мәселенің сипаттамасы мүлдем сәйкес келмейтіні анықталған. Яғни өтінімде тек Қармақшы ауданының географиялық ерекшелігі ғана көрсетілген. Зерттеу, статистикалық және аналитикалық ақпаратты талдау арқылы анықталған объективті деректермен қамтылмаған.

Сіздің шағымыңызда көрсетілген уәждеріңіз өз дәлелін таппағандығын хабарлаймыз.

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2024 жылғы 9 қазандағы № 687 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидасының 590 тармағына сәйкес Сіздің шағымыңыз мәлімделген талаптар (дәлелдер) шегінде қаралғанын жеткіземіз.

Қазақстан Республикасының 2020 жылғы 29 маусымдағы Қазақстан Республикасының әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінің 100-бабы 6-тармағына сәйкес, Шағымды қарайтын органның шешімімен келіспеген жағдайда әкімшілік рәсімге қатысушы шағымды қарайтын басқа органға немесе сотқа әкімшілік актіге, әкімшілік әрекетке (әрекетсіздікке) шағым жасауға құқығыңыз бар екендігін хабарлайды.

Сонымен қатар, Заңның 25-бабының 6 тармағына сәйкес дауларды сотқа дейінгі реттеу тәртібі міндетті болып табылады.

Бөлім басшысы **Н. Шәпи**

Орынд. Д.Дуйсембеков
Тел. 87243722833